




БАЯНДАМА

**АТА АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫ
«БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ
АТА АНА
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ»**

ДАЙЫНДАҒАН: ҚҰРМАШЕВА. F.C

2021 ж

«Ата-аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігі» (баяндама)

Психолог: Құрмашева. Ғ.С

«Ел болам десең бесігіңді түзе», «Тәрбие – тал бесіктен» деп дана халқымыз айтқандай парасатты, зерек, кішіпейіл, адал, адамгершілігі мол ұрпақ ұлтымыздың басты құндылығы. Саналы да білімді жас ұрпақ болашағымыздың кепілі. Бала тәрбиесінде ең маңызды рөл атқаратын әрине ол отбасы екені мәлім. Сәби күнінен ананың әлдиімен ақ бесікте тербетіліп, асыл әженің ертегісін тыңдап тәтті ұйқыға батып өскен әрбір қазақ топырағының перзенті жаман болмайтыны анық. Сәби дүние келгеннен бастап салт-дәстүріміз бойынша жоралғыларын жасап, ұлттық құндылықтарымызды санасына сіңірсек ұлтымыздың ұлы азаматы болары сөзсіз. Тәлім – тәрбие беруде салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымызды пайдалану ең бір оңтайлы тәсіл. Себебі, баланың қырқынан шығару, ақ бесікке жатқызу тазалыққа, бесік жыры мейірімділікке, тұсау кесер адалдық пен адамгершілікке, сүндетке отырғызу мұсылмандығын тануына өз септігін тигізеді. Сондықтан әр ата – ана балаға тәрбие берумен қатар сол берілген тәрбиенің ұрпақ болашағы үшін маңызды екенін ескерген жөн.

Ата-аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігі

«Ел болам десең бесігіңді түзе», «Тәрбие – тал бесіктен» деп дана халқымыз айтқандай парасатты, зерек, кішіпейіл, адал, адамгершілігі мол ұрпақ ұлтымыздың басты құндылығы. Саналы да білімді жас ұрпақ болашағымыздың кепілі. Бала тәрбиесінде ең маңызды рөл атқаратын әрине ол отбасы екені мәлім. Сәби күнінен ананың әлдиімен ақ бесікте тербетіліп, асыл әженің ертегісін тыңдап тәтті ұйқыға батып өскен әрбір қазақ топырағының перзенті жаман болмайтыны анық. Сәби дүние келгеннен бастап салт-дәстүріміз бойынша жоралғыларын жасап, ұлттық құндылықтарымызды санасына сіңірсек ұлтымыздың ұлы азаматы болары сөзсіз. Тәлім – тәрбие беруде салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымызды пайдалану ең бір оңтайлы тәсіл.

Себебі, баланың қырқынан шығару, ақ бесікке жатқызу тазалыққа, бесік жыры мейірімділікке, тұсау кесер адалдық пен адамгершілікке, сүндетке отырғызу мұсылмандығын тануына өз септігін тигізеді. Сондықтан әр ата – ана балаға тәрбие берумен қатар сол берілген тәрбиенің ұрпақ болашағы үшін маңызды екенін ескерген жөн.

Қай елде, қай кезде болмасын, бала тәрбиесін ерекше дамытушы да, ілгері апарушы да-балалар, яғни бүгінгі ұрпақ-ертеңгі елдің болашағы.

Бала тәрбиесі ата-ана үшін күрделі де, жауапты міндет. Баланы өмірге бейімдеуде мектеп, ұстаз және ата-ананың орны бөлек. Бала өмірінің басым бөлігі отбасында өтеді. Отбасы - адамзат бесігін тербеткен ұя болса, баланың бас ұстазы – ата-ана. Ата-ананың үйдегі іс-әрекеті балалардың көз алдында өтеді. Сондықтан бала мектеп табалдырығын аттағанға дейінгі оның алғашқы ұстазы – ата-анасы. Отбасындағы тәрбие әрбір мүшенің өзін-өзін сақтау, ұрпақты жалғастыру, өзін-өзі сыйлау қажеттігінен туындайды. Отбасында адамның жеке басының қасиеті қалыптасады. Баланы дұрыс тәрбиелеу отбасында, алдымен, жанұя жағдайы, онда қалыптасқан он, моральдық-психологиялық ахуал, татулық пен өзара түсінік, сүйіспеншілік пен сыйластық, ауызбіршілік, отбасы мүшелерінің бір-біріне деген құрмет сезімдері, яғни, отбасындағы кіршіксіз таза, мөлдір көңіл-күйі тікелей ықпал етеді.

- **Өз балаңды жақсы көре біл!**

Балаңыздың сізбен бірге болғанына қуаныңыз. Балаңыз қандай, солай қабылдай біліңіз, оны төмендетіп намысына тимеңіз. Өзіне деген сенімділігін арттыруға өз тарапыңыздан жағдай жасаңыз, әділетсіз жазалауға жол бермеңіз. Балаңыз сіздің іс әрекетіңізден жылылық пен махаббатыңызды сезіне білуі қажет.

- **Балаңызға қайырымды да, үлгілі бола біліңіз!**

Балаңыздың бойына өз халқына, ұлттық дәстүріне деген құрметті дарытуда өзіңіз үлгі болыңыз. Ол үшін шынайы сыйластық, кешірімді тату тәтті қарым қатынас, үлкенге құрмет, кішіге ізет, жанұя мүшелерінің бір біріне деген жанашырлық сезімдерін, баланың бойына дарыта білудегі жауапкершілігіңізді естен шығармаңыз!

- **Өз балаңызбен ойнаңыз!**

Балаңыздың қалауы бойынша ойнаңыз, әңгімелесіңіз, арнайы уақыт бөліңіз. Балаңыздың ойынын шын ниетпен қабылдап, оның балалық әлеміне еніп, өзіне және өзгелерге балаңыздың көзқарасымен бір кезек қараңыз. Бала ойын арқылы өмірдің қиыншылық сәттеріне қарсы тұруға дағдыланады, адамдармен қарым қатынасты орнатуға үйренеді.

- **Баламен бірге еңбектен!**

Балаңызға үй шаруасына қатысып, жәрдемдесуге рұқсат беріңіз. Еңбек ету алгоритімін үйретіңіз. Берілген тапсырманы орындауда жауапкершілікті сезіне білуді қалыптастыру үшін, еңбек ету кезіндегі жіберген қателіктерін емес, жетістіктерін айтып, қолдау көрсетіңіз.

- **Адам еркіндігінің шектелуі мен бала мүмкіндігін көрсете біл!**

Әр адам өзіне де, өзгеге де кесір келтірмей өмір сүруі керек. Баланы тәрбиелеуде, оның жеке тұлға болып қалыптасуында осы қағиданы есте тұтып, белгілі бір заңдылықтарды орындай отырып, баланың тәрбиесіне аса ұқыптылықпен қарап, нәтижелігіне мән беру керек. Бала тәрбиесіндегі жазалау әдісі және шектен тыс еркелету оның тәрбиесіне кері әсерін тигізеді.



Психолог:Құрмашева.Ғ.С



МКҚК №27 «Айгөлек» балабақшасы

Хаттама №2

Ата аналар жиналысы

Баяндама

Тақырыбы: «Бала тәрбиесіндегі ата -ана жауапкершілігі»

Мақсаты:Ата аналарға тәрбиенің барлық түрі отбасынан басталатыны туралы айтып түсіндіру.

«Ел болам десең бесігіңді түзе», «Тәрбие- тал бесіктен »деп дана халқымыз айтқандай парасатты,зерек,кішіпейіл,адал,адамгершілігі мол ұрпақ ұлтымыздың басты құндылығы.Бала тәрбиесіндегі ең маңызды рөл атқаратын әрине ол отбасы.

Қорытындысы:Әр ата ана балаға тәрбие берумен қатар сол берілген тәрбиенің ұрпақ болашағы үшін маңызды екенін ескерген жөн.Ата- аналар бала туралы шағын кеңестер тартылды.

Ұсыныс:Бала тәрбиесі ата- ана үшін күрделі де,жауапты міндет,сондықтан бала тәрбиесіне көбірек көңіл бөлу сұралады.

Психолог:Құрмашева.Ғ.С

03-2022 ж